«ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

Қазақстан республикасы, Ұлытау облысы
100600, Жезказган қаласы, Ғарышкерлер 39 А.
тел/факс: 8(7102)76-02-29
«ҚР Қаржы Министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
ЖСК KZ91070103KSN3026000, БСК KKMFKZ2A,
БСН 150440027233

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ФИЗИЧЕСКОЙ
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАНА»

Республика Казахстан область Ұлытау
100600, г.Жезказган, пл. Гарышкерлер 39 А.
тел/факс: 8(7102)76-02-29
РГУ «Комитет Казначейства Министерства Финансов РК»
ИИК KZ91070103KSN3026000, БИК KKMFKZ2A,
БИН 150440027233

20.01.2026 № 1-14/29

"G'IBRATTAN-KZ" қоғамдық бірлестігінің басшысы
С. Жақанға
Ұлытау облысы, Жезказган қаласы, Ілияс Есенберлин, 63

«Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі Сіздің 13.01.2025 жылғы №274503, *«Депутаттар арасындағы облыстық спартакиадасы»* №15857442-1 хабарландыруы бойынша өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Жұмыс тәжірибесі бойынша.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазанындағы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» қағидасының (бұдан әрі – Қағида) 460-тармағына сәйкес, осы тармақтың 1) – 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21- қосымшаға сәйкес есептеледі.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21-қосымшаға сәйкес, «Жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда-үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша *«Сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады»*. Сіздің мемлекеттік сатып алу веб порталына жүктеген көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың көшірмелеріне сәйкес 6 балл берілді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21-қосымшаға сәйкес, *«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* критериі

бойынша 3 ұпай – әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында бес жылдан астам және сегіз жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі болғанда беріледі.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, әлеуетті өнім беруші "G'IBRATTAN-KZ" ҚБ біліктілік талаптарында жұмыс тәжірибесі 9 жылды құрайды, яғни 2016, 2017, 2018, 2019, 2020, 2022, 2023, 2024, 2025 жылдар арасында жұмыс тәжірибесінің болуы анықталды.

Осылайша, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Jastar» дамыту орталығы» ЖҚБ *«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* критериі бойынша 3 ұпай негізді қолданылған.

Осыған орай, конкурстық комиссия Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою және мемлекеттік сатып алу рәсімдерін Қағидаларда белгіленген мерзімде Заңға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

Сонымен қатар, берілген жауаппен келіспеген жағдайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес шағым беру құқығыңыз сақталғанын хабарлаймыз.

«Жезқазған қалысының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы **З. Даумбаев**